

МЕРЕҮЛІ МІНДЕТ

Басты мақсат – маман дайындау

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің білім саласында білікті мамандар даярлау тарихы өткен ғасырдың басынан бастау алады. Бүгінде көп салалы ірі жоғары оқу орны болып табылатын бұл жоғары мектеп республикамыздың жетекші білім ордасы, ғылыми орталығына айналды. Бұның дәлелі ретінде Quacquarelli Symonds (QS) халықаралық рейтинг агенттігінің жақында жариялаған нәтижесі бойынша 482 орынды иеленгенін айтсақ жеткілікті.



Даулетхан БОЛЫСБАЕВ,
«Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының меңгерушісі,
ф.ғ.к., доцент, ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі

Осы университет құрамындағы «Мәдениет және спорт» факультетінде «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасы өз орнын тапқан. Бұл кафедрада ғылым докторлары, профессор, доценттер, ғылым кандидаттары, ҚР және шетел суретшілер, дизайнерлер одағының мүшелері қызмет етеді. Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы қатарында еліміздің ғана емес, шетел жоғары оқу орнын үздік бітірген ұстаздар да бар. Бұл ретте, құрметті де білікті ұстаз, ҚР мәдениет қайраткері, ҚР Суретшілер Академиясының корреспондент мүшесі, профессор Айдосов Әнуарбекті мақтаншып айтуға болады. Х.А.Яссауи атындағы халықаралық Қазақ Түрік университетінің «Дизайн және жарнама» мамандығы бойынша бітірген ол, көптеген

ұзақ, жақын шетел және республикалық көркемөнер көрмелеріне қатысып келеді. Айдосов Әнуарбектің шығармашылық жұмыстары көптеген алыс және шетел өнер мұражайында, көркемсурет галереяларында және жеке қорларда (АҚШ, Германия, Оңтүстік Корея, ТМД мемлекеттері) сақталуда. Ол «Қазақ авангарды», «Композиция негіздері» және «Кескіндеме сыры» атты оқу құралдарының авторы болып табылады. Сонымен қатар, А.Н.Косыгин атындағы Мәскеу тоқымашылық институтының «Текстиль және жеңіл өнеркәсіп бұйымдарын моделдеу және көркем безендіру» мамандығы бойынша бітірген, Өзбекстан суретшілерінің шығармашылық одағы мүшесі, Камолиддин Бегзат атындағы Ташкент ұлттық суретшілік және дизайн институтының ғылыми дәреже ізденушісі Төребаев Бөріжанды да атап айтуға болады. Ол көптеген: ұзақ, жақын шетел және республикалық көркемөнер көрмелеріне белсенді қатысқан (АҚШ, Германия, Вьетнам, Венгрия, тағы да басқа бірқатар ТМД елдері). Төребаев Бөріжанның шығармашылық жұмыстары Қазақстан көрме дирекциясы

қорынан орын алған. «Манералы натюрморт» атты кескіндемелік картинасы Өзбекстан мемлекеттік өнер мұражайында сақталуда. Ол – «Орнамент и цвет в дизайне текстиля» Монография. LAP LAMBERT Academic Publishing /Германия/, «Основы дизайна текстильных изделий» оқулығы, «Цвет в текстиле», «Түстану», тағы да басқа оқу құралдарының және 200 ге тарта ғылыми мақалалардың авторы.

ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында бүгінгі қоғамды толғандыратын әлеуметтік проблемаларды шешудің нақты тетіктері ұсынылған. Осы жолдауда президентіміздің әлеуметтік маңызы бар мәселелердің бірі орта және жоғары білім беру жүйесін жетілдіру жайына арнайы тоқталғанын ерекше атап өткен жөн. Бұдан былай жоғары оқу орындарының біліктілігі түлектерінің жұмысқа орналасуымен өлшенуі және басқа да тәжірибелерді негізге алуы елбасының өте

ұтымды идеясы деп санауға болады. Маман дайындау саласында жоғары білім беру сипаты талабын көтеру керек. Мемлекет басшысы өзінің жаңа жолдауында бүгінгі нарық жағдайында педагогтар арасынан білімнің жоғары сипатын қамтамасыз ете алатындар ғана қалуы тиіс деген сөзді қадап айтып, осындай тапсырманы күн тәртібіне қойды.

Қазіргі күндері республикамыздың көптеген өнеркәсіп орындары басшылары біздің кафедраменіскерлік қарым-қатынасты жоғары деңгейде дамыта отырып, жұмыс беруші ретінде бізде білім алған қазіргі заман талабына сай, жоғары білікті, құзыретті, бәсекеге қабілетті жас мамандарды өз мекемесіне жұмысқа қабылдауға дайын екенін хабарлауда. Сол себепті, егеменді еліміздің сеніміне, заман талабына сай, бәсекеге қабілетті заманауи мамандық иесін дайындау – біздің беделді жоғары оқу орнындағы «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасы профессор-оқытушылары үшін басты мақсат. Бұл – әрине, олар үшін жоғары азаматтық жауапкершілікті жүктейді.

ЖОҒАРЫ ЖЕТІСТІК

Биік белесті бағындыра білді

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің есімін иемденген 75 жылдан астам тарихы бар жоғары оқу орны еліміздің маңдайалды үш университеттерінің сапында көш бастап тұр. Сөзіміздің бір дәлелі: Халықаралық рейтинг агенттігі Quacquarelli Symonds (QS) 2021 жылғы әлемнің ең үздік университеттерінің рейтингін жариялады. Ұсынылған нәтижелер бойынша біздің университет 482 позицияны алады, өткен жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 8 позицияға жоғарылаған.

Рейтингке қатысқан еліміздегі 14 жоғары оқу орындарының ішінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті үшінші орынға ие болды. Міне, бұл сөзсіз университеттің орасан зор жетістігі. Ал, осы жетістікте филология

факультетінің үлес салмағы қаншалықты екендігіне тоқтала кетсек. Білім сапасын арттыру мақсатында филология факультеті шетелдік университеттер, халықаралық ұйымдармен байланысты дамыту, шетелдік студенттер мен профессорларды тарту, білім алушылардың қысқа мерзімді ұтқырлығы бойынша айырбас бағдарламаларын ұйымдастыру, бірлескен білім беру бағдарламаларын жасау және енгізу, біліктілікті жетілдіру және тағылымдама курстарынан өту арқылы халықаралық ғылым-білім кеңістігінде жетістіктерге жету жолында жұмыс жасауда.

Факультетте халықаралық білім беру стандарттарына сай жоғары оқу орынында және жоғары оқу орынынан кейінгі оқыту талаптарына сәйкес үш деңгейлі: бакалавриат-магистратура-PhD докторантура моделі бойынша мамандар даярлайды. Бұл модель әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінде (АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия және тағы да) үздік нәтиже беруде. Факультет түлектері осы модель бойынша магистратураға және PhD докторантураға оқуға түсе алады.



Ағылшын тіл білімі кафедрасының аға оқытушысы А.Бейсенбаева және Калифорния университетінің профессоры Нейсан Каар факультет студенттерімен.

6B01710-Қазақ тілі мен әдебиеті
6B01720-Орыс тілі мен әдебиеті
6B01730-Шетел тілі: екі шетел тілі
6B002330-Шетел филологиясы (ағылшын тілі)
6B02310-Филология: қазақ тілі
6B02331-Шетел филологиясы (өзбек тілі)
6B02320-Аударма ісі
6B02311-Филология (орыс тілі)
6B03220-Журналистика білім беру бағдарламалары бойынша қазіргі уақытта Sangmyoung және Di Bologna университеттерінің профессор-оқытушылары көріс және италиян тілдерін оқытуда. Аталған жоба М.Әуезов атындағы ОҚУ мен Қазақстандағы Италия елшілігінің қолдауымен жүзеге асырылуда.

Ал аталған білім беру бағдарламасының студенттерінің Польша, Лодзь Университеті, Румыния, Ясский Университет А.И.Кузы, Корея, Университет Сангмен (Чхонан), Университет Стамбул (Турция), Университет Кадис (Испания), Университет Songmyung


(Сеул, Южная Корея), Университет Лодзь (Польша), Сианьский транспортный университет (КНР), Летние вузовские курсы DAAD (Мюнхен, Германия), Летние языковые курсы в рамках гранта Института Конфуция (г. Уримчи, г. Шанхай, Китай), Ғылыми тағылымдама-Кембридж, Швейцария, Мюнхен (Гете-Институт), Испания мемлекеттерінде сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша білім алуына ықпал жасауда.

Филология факультетінде студенттер ғылыми жұмыспен тұрақты айналысып, қазіргі замандағы ғылымның өзекті мәселелері бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Ғылыми зерттеу жұмыстарын үздік орындағандар Республикалық, халықаралық конференцияларға, ғылыми семинарларға, облыс әкімдігі ұйымдастырған «Жас толқын» атты студенттердің облыстық білім сайысына қатысып,

жоғары жетістіктерге жетуде. Факультет ғылыми және әдістемелік тұрғыдан Италия, Испания, Қытай, АҚШ, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресейдің алдыңғы қатарлы оқу орындарымен қарым-қатынас жасауда.

Факультет жанында жұмыс істейтін өнерлі студенттердің «Жас талант», «Сырлы сөз», «Жас ғалым», «Математика ғажайыптары», «Art of debating», «Wir haben Deutsch gem!», «Réves-tu être à Paris», «汉学家» «Academic writing» атты үйірмелерімен қатар «Абайтану» ғылыми оқу орталығы жұмыс істейді. Міне, осындай жаһандық білім беру процессінде дамыған елдермен иық тіресе отырып жұмыс жасау бүгінгі таңда біздің басты мақсатымыз.

Нағима БАЗАРБЕКОВА,
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы



Академиялық ұтқырлық бағдарламасы